



SEMEYtanu

№68 (19820) 28 тамыз, 2026 жыл

1917 ЖЫЛДЫҢ 17 МАУСЫМЫНАН ЖАРЫҚ КӨРЕ БАСТАДЫ

АБАЙ ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ ■ СЕЙСЕНБІ, ЖҰМА КҮНДЕРІ ШЫҒАДЫ ■ EMAIL: INFO@SEMEYTANY.KZ

Мемлекет басшысының Құрылтайдың бірінші сессиясын шақыру туралы Жарлығы

Бірінші шақырылымдағы Қазақстан Республикасы Құрылтайының бірінші сессиясын шақыру туралы

2026 жылғы 26 тамыз
Қазақстан Республикасы Конституциясының 58-бабының 2-тармағына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**
1. Бірінші шақырылымдағы Қазақстан Республикасы Құрылтайының бірінші сессиясы 2026 жылғы 28 тамызда сағат 11-де Астана қаласында шақырылсын.
2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.
Қазақстан Республикасының Президенті Қ.ТОҚАЕВ
Астана, Ақорда, 2026 жылғы 26 тамыз
№ 1411

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

Облыс әкімдігінде

ЖОЛ САПАСЫНА ТАЛАП ЖОҒАРЫ



Мәдени мұра

ТАРБАҒАТАЙ ТӨСІНДЕГІ ТАРИХТЫҢ ТАҢБАСЫ



Сұхбат

«ПОЛИГОН - ӨТКЕННІҢ ҒАНА ЕМЕС, БОЛАШАҚТЫҢ ДА МӘСЕЛЕСІ»



Цифрландыру

МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДАҒЫ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР



САЙЛАУ - 2026

ҚҰРЫЛТАЙҒА САЙЛАНҒАН ДЕПУТАТТАР ТІЗІМІ

Ел өміріндегі маңызды саяси өзгерістердің бірі – Құрылтайдың жаңа құрамының жасақталуы. Халықтың сеніміне ие болған депутаттар алдағы кезеңде елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына, азаматтардың өзекті мәселелерін шешуге және мемлекеттік маңызы бар бастамаларды жүзеге асыруға кіріседі. Төменде Құрылтай құрамына сайланған депутаттардың тізімін ұсынып отырмыз:

«Әділет» партиясы Құрылтайдың I шақырылымындағы депутаттық мандаттарды бөлді.

Астанада Айбек Дәдебайдың төрағалығымен өткен «Әділет» партиясы Саяси кеңесі Бюросының отырысында еліміздің бір палаталы парламентінде депутаттық мандатқа ие болған 110 кандидаттың тізімі бекітілді.

Депутаттардың 37-сі әйел (33,6%), 13-і жас (11,8%), 2-еуі ерекше қажеттіліктері бар адам (1,8%), 21-і (19%) – өзге ұлт өкілі. Орташа жасы – 46,7 жас.

Олардың қатарында Ұлттық Құрылтайдың бұрынғы 13 мүшесі, Мәжілістің 20 экс-депутаты және Сенаттың 4 экс-депутаты бар. Жалпы, Парламентте депутаттық тәжірибесі бар 24 адам бар. Сонымен қатар 10 адам Президенттік жастар кадр резервінің мүшесі, 4-еуі Президент жанындағы Жастар саясаты жөніндегі кеңестің мүшесі, 5-еуі Президент жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның мүшесі. Тағы 26 адам мәслихат депутаты болып сайланған.

Құрамда ертүрлі саланың мамандары бар. Олардың ішінде 3 эколог, 2 волонтерлік қозғалыс өкілі және IT саласының 4 маманы бар.

Депутаттық мандаттар бөлінген кандидаттар тізімі:

1. Авершин Константин Викторович
2. Адаев Ербол Дәненұлы
3. Адамбеков Тілектес Серікбайұлы
4. Аймағамбетов Асхат Қанатұлы
5. Аймағанова Айжан Талғатқызы
6. Алтай Абай
7. Атабаева Гүлзира Нұржанқызы
8. Атамқұлова Гүлназ Төреханқызы
9. Ахмедиев Дархан Мейрамұлы
10. Адамбек Кендебай Сарыбайұлы
11. Амантайұлы Жарқынбек
12. Әбдікешов Алмат
13. Әмірғалиев Мадияр Орынтайұлы
14. Әлімқұлов Бекжан Мухидиұлы
15. Әшімова Аяужан Тұрсынбекқызы
16. Әшімжанов Жанарбек Садықанұлы
17. Бәденова Әсел Жанболатқызы
18. Байсакова Зулфия Мұхамедбекқызы
19. Басин Вадим Борисович
20. Батырбеков Ерлан Ғадилетұлы
21. Башымов Марат Советұлы
22. Бекназаров Нұрлан Құдиярұлы
23. Беркімбаев Берік Серікұлы
24. Болығерт Евгений Андреевич
25. Бұршақов Сатыбалды Ересұлы
26. Байбеков Шалқар Заманбекұлы
27. Бәзенов Айрат Бәзеноұлы
28. Балташева Айнагүл Қыдырбайқызы
29. Бақытбекұлы Нұркен
30. Баялышбаев Елдос Қайыркенұлы
31. Годунова Наталья Николаевна
32. Дәдебай Айбек Арқабайұлы
33. Данилов Александр Сергеевич
34. Данағұлов Ербол Жеткергенұлы
35. Данбаева Жүлдіз Сейіткамақызы
36. Ділдабек Дидарбек Жұмағалиұлы
37. Дулатбеков Нұрлан Орынбасарұлы
38. Ералиев Бегалы Ералыұлы
39. Ерназар Шынасыл Жәнісұлы
40. Есімханов Сұғат Қуатұлы
41. Ескендірова Ақерке Нұрғалиқызы
42. Елеусізова Бота Серікқызы
43. Ералиев Мағжан Абзалұлы
44. Ергешбек Нұрсадық Ергешбекұлы

45. Жансәңгіров Арман Серікұлы
46. Жаманқұлова Қарлығаш Қалибекқызы
47. Жамалов Бауыржан Салдарұлы
48. Жүкеебаев Алмат Отаубайұлы
49. Жылқыбаева Ләззат Әуезханқызы
50. Зәкиева Динара Болатқызы
51. Имашева Снежанна Валерьевна
52. Қарабасова Лаура Шапайқызы
53. Қаринова Шолпан Таңатқызы
54. Қайырова Әсел Әнуарқызы
55. Қожаниязов Серік Салауатұлы
56. Кемалов Мейрамбай Тамабайұлы
57. Көрібек Дәулет Жамаубайұлы
58. Қожаев Марат Шәдетханұлы
59. Қожахметова Ләззат Таймырқызы
60. Кузиева Замира Закировна
61. Кукинская Юлия Владимировна
62. Қамзабекұлы Дихан
63. Оспанбеков Әмірбек Қанатбекұлы
64. Оспанов Шота Сәбитбекұлы
65. Өрісбаев Аббат Жәңгірханұлы
66. Перепечина Ольга Валентиновна
67. Петров Константин Викторович
68. Пономарев Сергей Михайлович
69. Пулатов Шерзод Аббозович
70. Рамазанова Наталья Сергеевна
71. Рокин Максим Николаевич
72. Рымжанов Мәди Рысбекұлы
73. Савельева Татьяна Михайловна
74. Сайыров Ерлан Биғметұлы
75. Сарым Айдос Әмірқоллаұлы
76. Смышляева Екатерина Васильевна
77. Сүгірбай Аят Исатайұлы
78. Сулаймонова Руслана Русланқызы
79. Сүлейменова Айсулу Қанатқызы
80. Сағынов Замир Садықұлы
81. Себасов Марат Бақбергенұлы
82. Семидоких Елена Александровна
83. Темірбаева Айжан Маратқызы
84. Тен Ирина Сергеевна
85. Тоқтамухрат Армангүл
86. Талаева Тәттігүл Жақсыбайқызы
87. Теңізбаев Нұрбақыт Молдахметұлы
88. Тамабек Әбілқайыр Ғалымұлы
89. Тілемісов Тұрарбек Тілемісұлы
90. Теренченко Илья Сергеевич
91. Тоқшылық Ерлан Бейсенұлы
92. Толыбаев Нұрлан Әлішерұлы
93. Шапақ Ұнзала
94. Шаталов Никита Сергеевич
95. Шибұтов Марат Мақсұмұлы
96. Шербаков Станислав Александрович
97. Маралов Дәурен Әділмырзаұлы
98. Мұсылманбек Еркәнат
99. Мұхамбетов Мұратбек
- Қайырсыпұлы
100. Медеуова Дана Теміртайқызы
101. Нахбаева Гүлісхан Сайфулинқызы
102. Нарымбетов Бахадыр Мадалыұлы
103. Найымбекова Айжан Ізбасханқызы
104. Нұрмұхамедов Бөріхан
- Жолбарысұлы
105. Ниязалиев Нұржан Әуезұлы
106. Нұрғалиев Ербол Жолдасбекұлы
107. Халықов Арман Қобыландыұлы
108. Хайруллин Арман Ғабдоллаұлы
109. Хайруллин Мұса Қарашаұлы
110. Ысқақова Айжан Амангелдіқызы

«Бюро мүшелері «Әділет» партиясының Құрылтайдағы депутаттық фракциясы туралы ережені бекітті. Сайлау қорытындысы бойынша «Әділет» партиясы сайлаушылардың 71,17% дауысын жинап, 145 депутаттық мандаттың 110-ын иеленді. Партияны 6,5 миллионнан астам қазақтандық қолдады. Партия төрағасы Айбек Дәдебай атап өткендей, сайлау нәтижелері



рі азаматтардың партияға және елде жүзеге асырылып жатқан ауқымды реформалар бағытына жоғары сенім білдіргенін көрсетеді. Енді партия мен оның депутаттық фракциясының басты міндеті – бұл сенімді нақты істер мен нәтижелер арқылы ақтау», – деп мәлім етті партияның баспасөз қызметі.

2026 жылғы 26 тамызда «Ауыл» партиясы Саяси кеңесі Бюросының отырысы өтіп, Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттық мандаттарын иеленетін 10 кандидаттың тізімі бекітілді:

- 1. Айтұғанов Қайрат Қапарұлы
- 2. Байманов Шахмардан Асқарұлы
- 3. Бегалиева Захира Оңғарбайқызы
- 4. Егізбаев Серік Рахметоллаұлы
- 5. Иргібаев Мұрат Саматұлы
- 6. Каджибекова Ажар Елемесова
- 7. Қиян Владимир Сергеевич
- 8. Мұхаметов Алмас Ерекұлы
- 9. Райханова Динара Қуанышқызы
- 10. Токсеитова Рабига Альбековна

«Депутаттық мандаттарды бөлу кезінде әйелдердің, жастардың және мүгедектігі бар адамдардың өкілдігіне қатысты заң талаптары сақталды. Олардың бекітілген құрамдағы жиынтық үлесі – 60%. Тізім кандидаттардың кәсіби біліктілігі мен құзыреттері ескеріле отырып жасақталды және сапалы әрі теңгерімді құрамымен ерекшеленеді», – деп мәлімдеді партияның баспасөз қызметі.

Respublica партиясы Құрылтайда 9 депутаттық мандатқа ие болды.

Олар:

- 1. Бекжан Бахтыбекұлы Айтқұлов
- 2. Руслан Рашидұлы Идрисов
- 3. Мейрхат Мейрамханұлы Қасымбаев
- 4. Олжас Хайроллаұлы Құсбеков
- 5. Динара Рүстемқызы Наумова
- 6. Екатерина Сергеевна Смолякова
- 7. Нұргүл Тау
- 8. Махамбет Қабдұлқайырұлы Хасенов
- 9. Айдарбек Асанұлы Қожаназаров

Жалпыұлттық социал-демократиялық партия (ЖСДП) жаңа Құрылтай құрамында жұмыс істейтін 8 кандидаттың тізімін жариялады:

- 1. Асхат Рахимжанов
- 2. Мақсұт Насибулов
- 3. Нұрайнаш Камалова
- 4. Лариса Ли
- 5. Аслан Құлмағамбетов
- 6. Арман Ақылбай
- 7. Наурыз Сайлаубай
- 8. Ажар Сағандықова

«Ақ жол» партиясы да Құрылтай депутаттарының 8 мандатын бөлді:

- 1. Ахметжаев Дәурен Хайруллаұлы
- 2. Бибаев Бақтыбек Сәлбекұлы
- 3. Еспаева Дания Мәдиқызы
- 4. Қожахметов Асылхан Төлепбергенұлы
- 5. Ли Юрий Виссарионович
- 6. Нұралдинов Олжас Елтайұлы
- 7. Шынасылова Мейраш
- 8. Юсупов Еркеқали Төлепқалиұлы

«СТ» - ақпарат

ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫНДА

ЖЫЛУ БЕРУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ ҚАРҚЫНДЫ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында облыс әкімі Берік Уәли өңірдің 2026-2027 жылдардағы жылыту маусымына дайындығы туралы баяндады.

Облыста орталықтандырылған жылумен 3 қала мен 5 аудан қамтылған. Биыл жылыту маусымына дайындық аясында 14,5 млрд теңгеге 32 жоба жүзеге асырылуда. Сонымен қатар «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» ұлттық жобасы шеңберінде 15,8 млрд теңгеге 6 жоба қолға алынған.

Әлеуметтік сала нысандары мен тұрғын үй қорының дайындығы да жоғары деңгейде. Білім беру және әлеуметтік қорғау нысандары жылыту маусымына 100 пайыз, денсаулық сақтау нысандары 97 пайыз, тұрғын үйлер 98 пайыз дайын.

Семей қаласында 1 жылу электр орталығы мен 20 қазандық жұмыс істейді. Қазіргі уақытта қазандықтардың 18-і алдағы жылыту маусымына толық дайын. Қалған екі қазандықтағы ағымдағы жұмыстар қыркүйек айының соңына дейін аяқталады.

Облыстағы жылу желілерінің жалпы ұзындығы – 409 шақырым. Оның 325 шақырымы Семей қаласына тиесілі. Желілердің тозу деңгейі – 55,6 пайыз. Быыл 6,4 млрд теңгеге 38 шақырым жылу желісін ауыстыру жұмыстары жүргізілуде.

- Жобалар толық іске асқаннан кейін облыс бойынша жылу желілерінің тозу деңгейі 55,6 пайыздан 52,3 пайызға, Семей қаласында



58,2 пайыздан 54,1 пайызға дейін төмендейді. Жылыту маусымына дайындық жұмыстары қыркүйек айының соңына дейін толық аяқталады. Аталған жұмыстар жеке бақылауында болады, – деді Берік Уәли.

Абай облысы әкімінің баспасөз қызметі



Өңірдегі жолдардың сапасын арттыру, елді мекендердегі көлік қатынасын жақсарту және жол желісін талапқа сай ұстау – күн тәртібіндегі маңызды мәселелердің бірі. Осы бағытта атқарылып жатқан жұмыстардың барысы облыс әкімі Берік Уәлидің төрағалығымен өткен кеңейтілген аппараттық кеңесте талқыланды.

ЖОЛ САПАСЫНА ТАЛАП ЖОҒАРЫ

Ай-Керкем МАҚЫШ,
«Semei tañu»



Жиынға облыстық басқармалар мен өңірлік департаменттердің басшылары қатысты, аудан және қала әкімдері бейнебайланыс арқылы қосылды.

Күн тәртібіндегі мәселе - жол инфрақұрылымын дамыту, автомобиль жолдары мен елді мекендердің көшелерін жөндеу барысы туралы жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Мерей Байырхан баяндады.

Өңірдегі автомобиль жолдары мен елді мекен көшелерінің жалпы ұзындығы - 10 034 шақырым. Қазіргі таңда облыстық маңызы бар жолдардың үш учаскесінде орташа жөндеу жүргізілуде. Сонымен қатар 100 шақырым болатын аудандық маңызы бар 10 жол учаскесі мен 20 елді мекендегі 80 көшені жөндеу көзделген. Былтырғы жылдан өтпелі 13 нысанның алтауында жұмыс толық аяқталып, жетеуінде жалғасуда. Ал биыл қолға алынған жобалардың тоғызы аяқталып, тағы 16 нысанда жұмыс жүргізілуде.

Семей қаласында да жолдарды жаңарту бағытындағы жұмыстар жалғасуда. Мичурин көшесіндегі жөндеу толық аяқталды. Қазіргі таңда Бейбітшілік аралының жолында, сондай-ақ Абай, Құнанбай, Қозбағаров, Герцен, Жангелдин, Сеченов және Жанатайлы көшелерінде жұмыстар атқарылуда.

Қаладағы автокөлік көпірін қайта жаңғырту жобасы да жалғасуда. Бүгінде нысандағы жұмыстардың орындалу деңгейі 80 пайызға жетті. Жобаны биыл аяқтап, нысанды пайдалануға беру көзделген. Жол жөндеу жұмыстарының сапасын «Жол активтері сапасының ұлттық орталығы» облыстық филиалы бақылауда ұстап отыр.

Жиын барысында облыс әкімі жол инфрақұрылымын дамыту жұмыстарын күшейтуді тапсырды. Осы ретте жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасына бюджеттен тыс қаржы көздерін тарту, тиісті министрліктермен бірлескен жұмысты жандандыру міндеті жүктелді.

Сонымен қатар аудан және қала әкімдеріне, жауапты органдармен бірлесіп, жыл соңына дейін облыстық жол желісінің техникалық-нормативтік талаптарға сай үлесін 90 пайызға жеткізу тапсырылды. Автоматтандырылған өлшеу жүйелерін орнату, жолдардың сапасын зертханалық бақылау мен диагностикалау жұмыстарын жеделдету де күн тәртібіндегі маңызды міндеттердің бірі ретінде белгіленді.

Жолдың сапасы – елді мекендердің қолжетімділігіне, халықтың қауіпсіздігіне, ауыл шаруашылығы өнімдерін тасымалдауға, жалпы, өңірдің экономикалық және әлеуметтік дамуына тікелей әсер ететін негізгі факторлардың бірі. Ең басты мәселе – бөлінген қаражатты игеру ғана емес, оның есебінен нақты нәтижеге қол жеткізу. Әсіресе жолдардың сапасы, жөндеу жұмыстарының мерзімі, өтпелі нысандардың аяқталуы тұрақты бақылауда болуы тиіс, – деді Берік Уәли.

Қола дәуірі туралы сөз болғанда, көбінесе Андронов мәдениетінің өзен бойларындағы орнықты тұрақтары мен егіншілікпен айналысқан отырықшы тайпалары көз алдымызға келеді. Алайда Тарбағатай жерінен табылған жаңа археологиялық жәдігерлер бұл түсінікке жаңа көзқарас қалыптастырып отыр. Андронов мәдениеті өкілдері тек су көздерінің маңында ғана емес, теңіз деңгейінен 2500 метр биіктіктегі таулы өңірлерде де өмір сүріп, көшпелі тіршілік салтын қалыптастырған. Бұл – Ұлы даланың көне тарихына қатысты маңызды ғылыми жаңалық. Осы тың деректер Семей қаласының облыстық тарихи-өлкетану музейінде 2026 жылы Ақсуат - Тарбағатай өңірінде жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының аралық қорытындысына арналған кездесуде таныстырылды.

ТАРБАҒАТАЙ ТӨСІНДЕГІ ТАРИХТЫҢ ТАҢБАСЫ

Ай-Керім СӨРСЕНҚАЛИ,
«Semei tañu»


Тарбағатайдың төсінде ашылмаған талай сыр жатыр. Қырдың әр беліндегі көне қорған, жартасқа қашалған әрбір бейне – мыңдаған жыл бұрынғы тіршіліктің куәсі. Оларда ежелгі адамдардың тұрмысы ғана емес, дүниетанымы, салт-дәстүрі мен табиғатпен байланысы туралы құнды деректер сақталған. Сол көне мұраларды зерттеп, ғылыми тұрғыдан зерделеу – өткенді танудың ғана емес, оны келер ұрпаққа жеткізудің маңызы тегіті.

Биыл 15 маусым мен 15 тамыз аралығында Абай облысындағы археология саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын дамыту бағдарламасы аясында облыс басшысының қолдауымен зерттеушілер Ақсуат ауданы аумағындағы Қырықшоақ, Қырықбай, Жалаулы және Қобықтың жазығы ескерткіштерінде қазба жұмыстарын жүргізген.

– Абай облысының әкімі Берік Уәлидің тапсырмасымен өңірімізде археологиялық зерттеулер қайта жанданды. Ақсуат – Тарбағатайдың тарихи мұрасы өте бай. Бұл бағыттағы жұмыстар мұнымен тоқтамайды. Алдағы уақытта Жаңасемей, Ұржар, Мақаншы, Аягөз, Абай ауданы және басқа да аумақтардағы археологиялық ескерткіштерді зерттеуді жалғастырамыз, – деген облыстың мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Жанжігіт Омархан археологиялық зерттеулердің өңір үшін маңызын атап өтті.

Экспедиция жетекшісі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Археология және этнология кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Ұлан Үмітқалиевтың айтуынша, биылғы зерттеулердің нәтижесі мамандардың өздерін де таңғалдырған. Әсіресе қола дәуіріне жататын ескерткіштердің табылуы экспедицияның ең басты олжаларының бірі болып отыр.

– Бастапқыда ескерткіштердің сыртқы сұлбасына қарап, оларды ерте темір дәуіріне жатқызған едік. Қазба барысында жүргізілген зерттеулер нәтижесінде қола дәуіріне қатысты материалдар анықталды. Бұл – біз үшін күтпеген әрі үлкен ғылыми жаңалық. Зерттеу барысында біктігі шамамен 2,5 метр болатын қорғанның ішінен тас жәшік табылды. Оның маңынан ғұрыптық көшенің іздері анықталып, бұқаның басы, жылқы сүйектері, асықтар және өзге де заттар табылды, – дейді экспедиция жетекшісі.



Мамандар табылған жәдігерлерді ежелгі жерлеу және ғұрыптық рәсімдермен байланыстырады. Сонымен қоса қазба жұмыстары барысында адамның сүйек қалдықтары да табылған. Оның омыртқа тұсына жебе ұшы қадалғаны анықталыпты. Бұл жауынгердің қаза болу жағдайына қатысты маңызды дерек болуы мүмкін. Сүйекке арнайы зертханалық сараптама жүргізу жоспарланып отыр. Зерттеу нәтижесінде адамның жасы, жынысы және өлім себебі анықталмақ.

Ғалымның айтуынша, алынған материалдар



ежелгі қоғамның өмір салтын ғана емес, сол кезеңдегі мәдени байланыстарды да зерделеуге мүмкіндік береді.

– Қазба жұмыстары барысында төрт ат жегілген жауынгерлік арбаның бейнесі қашалған петроглиф, тас еңбек құралдары мен жебе ұштары және ежелгі жерлеу дәстүрлерін тереңірек зерделеуге мүмкіндік беретін материалдар табылды. Бұл белгілер Батыс Қытайдағы Чжоу мәдениетімен және Қазақстан аумағындағы бұғытастар мәдениетімен үндеседі. Алдын ала зерттеу нәтижелері бұл ес-

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ САУДА НЫСАНДАРЫН ЖАҢАРТУ ЖАЛҒАСУДА

Облыс әкімі Берік Уәлидің төрағалығымен өткен кеңейтілген аппараттық кеңесте Семейдегі сауда орындарын жаңарту жұмыстарының барысы қаралды. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасының басшысы Айбек Рахымбеков баяндама жасады. Бұл туралы облыс әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

Анар АХМЕТҚАЛИЕВА,
«Semei tañu»

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің тапсырмасына сәйкес, сауда базарларын жаңғырту жөніндегі жол картасы бекітілгені белгілі. Соған орай, Семей қаласындағы сауда нысандарын жаңарту және олардың сыртқы келбетін ретке келтіру жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Қазіргі таңда «СМОКК» базарында құрылыс-монтаж жұмыстары кезең-кезеңімен атқарылуда. Ал «МЕРЕКЕ» базарындағы демонтаж жұмыстары барысында екінші және үшінші сауда қатарлары толық бұзылды. Бүгінде бетон құюға дайындық жасалуда.

Ал «Ақшың» базарында ғимараттың қасбеті боялып, нысанды одан әрі жаңғыртуға қатысты мәселелер пысықталуда.

«ЖАНСАЯ» базары мен «НИВА» сауда үйінде де жұмыстар жалғасуда. «ЖАНСАЯ» базарында қасбетті жаңарту, фиброцементті плиталар орнату, шатырды сырлау және аумақты абаттандыру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Негізгі жұмыстарды қыркүйек айында аяқтау жоспарланған.

«НИВА» сауда үйінде шатыр толық ауыстырылып, ғимараттың қасбеті боялды. Техникалық бөліктегі жөндеу жұмыстары да аяқталуға жақын. Қазіргі уақытта үш жаңа сауда павильоны орнатылуда. Келесі кезеңде кіреберіс бөлігін гранитпен қаптап, аумақты абаттандыру көзделген. Сауда үйін қыркүйек айында қайта ашу жоспарланып отыр.

Сауда нысандарын жаңғырту жұмыстары басқа кәсіпкерлерге де оң әсерін тигізуде. Бірқатар нысан басшылығы ғимараттардың сыртқы келбетін жаңартуға кірісті. Мәселен, «Ұлар» сауда үйінің қасбетін заманауи қаптау материалдарымен жаңарту жұмыстары басталды.

Өуезов даңғылындағы «Жаңа-Базар» және «Жаңа Семей» сауда үйлерінің эскиздік жобалары келісіліп, құрылыс-монтаж жұмыстарына дайындық жүргізілуде. Бұрынғы «Мереке» дүкенінің ғимараты да қайта жаңғыртылып жатыр. Жөндеу жұмыстары аяқталған соң нысанды қоғамдық тамақтану орны ретінде пайдалану жоспарланған.

Жиында облыс әкімі жауапты басқармалар мен қала әкімдігіне сауда базарларын жаңғырту жөніндегі жол картасының уақытылы орындалуын қамтамасыз етуді тапсырды. Сонымен қатар «Жансая» және «Нива» сауда үйлеріндегі жұмыстарды аяқтау, «СМОКК» базары маңындағы жол қозғалысын реттеу мүмкіндігін қарастыру және



«АҚШЫҢ» БАЗАРЫ



«ЖАНСАЯ» БАЗАРЫ

заңсыз нысандарды ретке келтіру бойынша тиісті шаралар қабылдау қажеттігін атап өтті.

– Сауда нысандарын заманауи талаптарға сәйкестендіру – ең алдымен қала тұрғындарына қолайлы жағдай жасауға, сауда қызметінің сапасы мен қауіпсіздігін арттыруға, сондай-ақ қаланың сәулеттік келбетін жақсартуға бағытталған маңызды міндет. Жалпы, Семей қаласында сауда нысандарын жаңғырту және абаттандыру бойынша тиісті жұмыстар жүргізіліп жатқанын көріп отырмыз. Тек Семей қаласында ғана емес, аудан орталықтарындағы сауда нысандары да заман талабына сай болуы тиіс. Бұл ауданның көркіне, архитектуралық келбетіне әсер етеді, – деді Берік Уәли.

ӘДІЛЕТ ТАЗА ҚАЗАҚСТАН ӨЗІМІЗДЕН БАСТАЛАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асып жатқан «Таза Қазақстан» жалпыұлттық жобасы партиямыздың маңызды басымдықтарының бірі екендігін ерекше атап өткім келеді.

Президентіміз бұл бастаманың уақытша науқан емес, қоғамның күнделікті өмір салтына айналуы тиіс екенін үнемі айтуда. 23 тамыздағы брифингте де сайлаудан кейін қол қусырып отыруға болмайтынын айтып, ел игілігі жолындағы жұмысты жалғастырудың маңыздылығына назар аударды.

Алайда «Таза Қазақстан» ұғымын тек сенбілік өткізу немесе көшені қоқиштан тазартумен шектеуге болмайды. Тазалық – адамның қоршаған ортасына ғана емес, өзінің ісіне, сөзіне, қоғамдық жауапкершілігіне деген көзқарасынан көрінетін мәдениет. Демек, сана тазармай – қала тазармайды.

Сондықтан «ӘДІЛЕТ» партиясы үшін «Таза Қазақстан» – Әділетті Қазақстанды құрудың маңызды идеологиялық негіздерінің бірі. Бұл – қоғамдық мәдениетті қалыптастыру, жауапкершілікті арттыру, туған жерге жанашырлықпен қарау және кейінгі ұрпаққа таза әрі жайлы орта қалдыру деген сөз.

«Саусақ бірікпей, ине ілікпейді» дейді халқымыз. Егер әрқайсымыз туған жеріміздің тазалығына өзіміз жауапты екенімізді сезінсек, көп болып жұмылғанда алынбайтын асу жоқ. Туған жердің көркеюі – баршамызға ортақ азаматтық жауапкершілік. Ендеше, бірге әрекет етейік.

Ең бастысы, тазалықты бір күндік науқан емес, тұрақты өмір салтына айналдырайық. Бірлігіміз бекем, ниетіміз ортақ болса, туған өлкемізді одан әрі көркейтіп, ұрпағымызға жайлы, таза әрі көрікті мекен

қалдыра аламыз. «Таза Қазақстан» – баршамызға ортақ іс!

Осы орайда баршаңызды өткен сайлаудағы «ӘДІЛЕТ» партиясының сенімді жеңісімен құттықтаймын!

Бұл, ең алдымен, бізге білдірген сенім мен үміт деп білемін. Елдің қолдауы бізге үлкен жауапкершілік жүктеп, партияның сайлауалды бағдарламасында белгіленген міндеттерді сапалы жүзеге асыруға жаңа серпін береді. Алдағы кезеңде халықтың сенімін нақты іспен ақтау – басты мақсатымыз.

Сөзіміз субелі, ісіміз жүйелі шығып, алар асуымыз биік болсын!

**«ӘДІЛЕТ» партиясы
Абай облыстық филиалының
төрағасы Айдар ИБРАЕВ**

керткіштің б.з.д. XVIII ғасырға, яғни шамамен 38-39 ғасыр бұрынғы кезеңге жататынын көрсетіп отыр. Тас еңбек құралдары, жебе ұштары мен жартас суреттерін стилистикалық тұрғыдан салыстыра зерттеу арқылы ежелгі көшпелі мәдениеттің қалыптасу үдерістеріне қатысты маңызды тұжырымдар жасауға болады.

Энеолит дәуірінде, шамамен төрт мың жыл бұрын, Қазақстан аумағында Ботаи мәдениеті кезеңінде жылқы қолға үйретіле бастағаны белгілі. Сол мәдениеттердің шығысқа қарай таралуы мен кейінгі мәдени үдерістер арасындағы байланысты да осы деректер арқылы қарастыруға мүмкіндік бар.

Осы уақытқа дейін қола дәуірін, негізінен, отырықшы мәдениетпен байланыстырып келдік. Ал қазіргі зерттеулер бұл кезеңде Қазақстан аумағында үлкен өркениет болғанын көрсетіп отыр. Төрт мың жыл бұрын қос деңгелекті арбалардың қолданылғанын дәлелдейтін деректердің табылуы – соның бір айғағы, – дейді Ұлан Үмітқалиев.

Кездесу барысында археологтер қазба кезінде табылған материалдарды көпшілікке таныстырды. Келушілер жәдігерлерді өз көздерімен көріп, олардың тарихи маңызы туралы мамандардан мәлімет алды.

Тарбағатайдың көне тарихы бір ғана қорғанмен немесе бір ғана жәдігермен шектелмейді. Бұл өңір – адамзат өркениетінің әр кезеңінен сыр шертетін аса маңызды тарихи кеңістік.

Тарих ғылымдарының кандидаты, профессор Амантай Исиннің айтуынша, Алтай-Тарбағатай өңіріндегі археологиялық мұраны зерттеу Ұлы даланың ғана емес, жалпы адамзат тарихының белгісіз тұстарын тануға мүмкіндік береді.

– Алтай-Тарбағатай өңірі – көне заманның тұнып тұрған қазынасы. Бұл аймақты зерттеуші Ұлы даланың тарихын, адамзаттың ежелгі тарихын толық түсіну мүмкін емес. Аргы дәуірлерде осы өңірді мекендеген қауымдар кейін Азия мен Еуропаның әр аймағына қоныс аударған. Ұлан Үмітқалиев бастаған экспедицияның құндылығы осында. Зерттеу нәтижелері толық ғылыми сараптамадан өтіп, жинақтар мен оқулықтарға енеді деп сенеміз, – деді ғалым.

Ал тарих ғылымдарының кандидаты, профессор Мұхтарбек Қарпықов экспедиция жетекшісі Ұлан Үмітқалиевтың ғылыми ізденісі мен еңбегіне тоқталып, бұл жолғы зерттеулердің ел тарихы үшін маңызы зор екенін атап өтті.

Тарбағатай төсіндегі әрбір қорған мен тасқа қашалған әрбір белгі – бізге жеткен үнсіз шежіре. Айта кетерлігі, бұл өңірдің археологиялық құндылығы бұған дейін де дәлелденген. Елеке сазы қорымынан «Алтын адамның» табылуы сөзімізді куаттайды. Биылғы зерттеулер нәтижесі Тарбағатайдың көне өркениеттер тоғысында жатқан тарихи мекен екенін айғақтай түсті.

Ғалымдардың айтуынша, экспедиция кезінде жиналған материалдар өте де зертханалық және ғылыми сараптамадан өтеді. Алдағы зерттеулер нәтижесінде Ақсуат-Тарбағатайдың ежелгі тарихына қатысты жаңа деректердің анықталуы әбден мүмкін.



АБАЙ

ЖОЛ САПАСЫ – ОРТАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Автомобиль жолдарының жағдайы тұрғындардың күнделікті жүріп-тұруына, жүк тасымалы мен өңір экономикасының тұрақты дамуына тікелей әсер етеді. Осы ретте облыстық маңызы бар жолдардың жай-күйін жақсарту, оларды талапқа сай ұстау және жол қозғалысына қолайлы жағдай жасау бағытындағы жұмыстардың маңызы зор.

Анар АХМЕТКАЛИЕВА,
«Semei tañu»

Биыл облыстық маңызы бар «Аягөз – Қарауыл – Семей – Қайнар» автомобиль жолының 60–84 және 99–126 шақырым аралығындағы учаскелерінде орташа жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Жолдың аталған бөліктерін жаңарту өңірдегі көлік қатынасын жақсартуға және жолдың пайдалану жағдайын арттыруға бағытталған. Өңірде жолдардың жағдайы біртіндеп жақсарып келе жатқанымен, ауыр жүк көліктерінің тұрақты қозғалысы жолдың жөндеу жүргізілмеген жекелеген бөліктеріне қосымша салмақ түсіріп, әртүрлі ақаулардың пайда болуына әсер етуде.

Осы мәселені жан-жақты қарастырып, жолдың өзге учаскелеріне келтіріліп жатқан залалдың алдын алу және оның нақты шешімін табу мақсатында жиын өтті. Басқосуға аудан әкімі Мейіржан Смағұлов, тапсырыс беруші – Абай облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы басшысының орынбасары Ерлан Келсінғазыұлы, мердігер – «Семей жолдары» ЖШС директорының орынбасары Асылбек Мұратұлы, «ЖАСҰО» ШЖҚ РМК Абай облысы бойынша филиалының сапа бөлімінің бастығы Азамат Қуанышұлы, сондай-ақ тиісті бөлім басшылары мен ауылдық округ әкімдері қатысты.

Жиын барысында жауапты мамандар қазіргі уақытта атқарылып жатқан орташа жөндеу жұмыстарының қолданыстағы заңнама талаптары-



на сәйкес жүзеге асырылып жатқанын атап өтті. Сонымен қатар ауыр жүк көліктерінің қозғалысы жолдың кейбір учаскелеріне айтарлықтай салмақ түсіріп отырғаны сөз болды. Бұл жағдай жол жабынының тозуына және бұрыннан бар ақаулардың ұлғаюына әсер етуі мүмкін.

Мәселені мән-жайын тек жиын барысында талқылап қана қоймай, оның нақты жағдайын көзбен көріп, зерделеу үшін жауапты мамандар жолдың ақау пайда болған учаскелеріне барып, қазіргі жай-күйімен танысты.

Жолдың сапасын сақтау үшін жөндеу жұмыстарының сапалы орындалуымен қатар, оның пай-

даланылуы кезінде түсетін жүктемені де ескеру маңызды. Өсіресе ауыр жүк көліктерінің қозғалысын реттеу, жолдың тозуына жол бермеу және тиісті талаптардың сақталуын қамтамасыз ету – ортақ міндет.

Кездесу қорытындысында жолдың қауіпсіз әрі сапалы пайдаланылуын қамтамасыз ету үшін қажетті шараларды қарастыру жөнінде келісім жасалды. Сондай-ақ туындаған мәселені қолданыстағы заңнама талаптары аясында шешу, жолдың жай-күйін бақылауда ұстау және жауапты тараптардың өзара іс-қимылын күшейту қажеттігі айтылды.

АБАЙ

ТҰРҒЫНДАР ӨТІНІШІ ЕСКЕРІЛДІ

Қарауыл ауылында аудан әкімінің халықпен кездесуінде тұрғындар тарапынан көтерілген мәселелер біртіндеп шешімін табуда. Атап айтқанда Б.Байғожина атындағы бекбөкбайдың алдына балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жарық шамдар орнатылып, Ақылбай көшесі жарықтандырылды.

Қазіргі таңда жарықтандыру жүйелері іске қосылды. Бөлінген қаражат көлеміне байланысты Ақылбай көшесінің өзінше жарты бөлігі ғана қамтылған. Қалған бөлігін жарықтандыру алдағы уақытта тиісті жобаға сәйкес жүзеге асырылмақ.

ӘЛЕМДІК ДОДАДА ТОП ЖАРДЫ

Эквадорда 20–23 тамыз аралығында жасөспірімдер арасында өткен дзюдодан аралас командалық әлем чемпионатында Қазақстан құрамасы чемпион атанды.

Жерлесіміз - 81 келі салмақ дәрежесіндегі Әліжан Сайлаубеков те Қазақстан құрамасының сапында өнер көрсетіп, айтулы жеңіске өз үлесін қосты.

Ал Әзербайжанның Баку қаласында қазақ күресінен өткен әлем чемпионатында тағы бір жерлесіміз ел мерейін асқақтатты. Бұл додада Мансұр Әлшеков жүлделі ІІІ орынға ие болды.

Бұл жетістік спортшылардың тынымсыз еңбегі, табандылығы мен жігерінің жемісі. Байрақты бәсекеде ел намысын абыроймен қорғап, үздіктер қатарынан көріну – үлкен жетістік.

АҚСУАТ

ЖАС МАМАНДАР ТӘЖІРИБЕДЕН ӨТУДЕ

Ақсуат ауданындағы жастар ісі жөніндегі маман Тоғжан Маратова «Жастар іс-тәжірибесі» бағдарламасы аясында еңбек жолын бастаған жастардың теориялық білімдерін тәжірибеде қолдану мүмкіндігін бағалау, еңбек тәртібі мен жұмысқа деген жауапкершілігін бақылау мақсатында бағдарламаға қатысушылар - Серікжан Құсайынов, Айбек Байқадамов және Махаббат Итжанованың жұмыс орындарына барып, іс-тәжірибеден өту барысымен танысты.

Жұмыс берушілер жас мамандардың өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарайтынын, жұмыстарына көңілдері толатынын жеткізді. Мұндай тәжірибе жастардың кәсіби дағдыларын жетілдіріп, болашақта тұрақты жұмысқа орналасуына мүмкіндік береді.

МЕКТЕП СӨМКЕЛЕРІН ТARTU ETTI

«Мектепке жол» республикалық акциясы аясында Ойшiлiк ауылында көп балалы, тұрмысы төмен отбасылардан шыққан және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға көмек көрсетiлдi. Ауыл азаматы - Тоғас батыр атындағы орта мектептің 2003 жылғы түлегі Ернз Нұрланұлы жыл сайын өзі білім алған мектебінiң оқушыларына қолдау бiлдiрiп келедi. Биыл да осы дәстүрiн жалғастырып, 1–6 сынып аралығындағы оқушыларға қажеттi оқу құралдары салынған 50 мектеп сөмкесiн тарту еттi.

Қайырымды іске ұйытқы болған Ернз Нұрланұлына жерлестерінің алғысы шексіз.

АЯГӨЗ

ҚЫСҚЫ МАУСЫМҒА ДАЙЫНДЫҚ ҚЫЗУ

Аягөз ауданында алдағы жылу беру маусымына дайындық жұмыстары барысында жылу қазандықтарының техникалық жағдайы ретке келтірілуде. «Новая», «СПТУ» және «Мамырсу» қазандықтарында жөндеу жұмыстары жүргізіліп, қазіргі таңда негізгі жабдықтар тексерілуде. Сонымен қатар жылу жүйелерін жаңарту және олардың тұрақты жұмысын қамтамасыз етуге бағытталған шаралар атқарылуда.

Қысқы маусымға дайындық барысы аудан әкімі Айбек Нұғымаровтың бақылауында тұр. Жауапты мамандарға қазандықтар мен жылу желілерінің қысқы маусымға толық өзiрлiгiн қамтамасыз ету тапсырылған. Дайындық жұмыстары белгіленген жоспарға сәйкес жүргізілуде.

ЖАҢАСЕМЕЙ

ЖОЛДАР ЖАҚСАРЫП КЕЛЕДІ

Жаңасемей ауданындағы Мұздыбай ауылына кіреберістегі аудандық маңызы бар жолдың 0–3 шақырым аралығына орташа жөндеу жүргізіліп, биыл учаскеге асфальтбетон толық төселді. Жол жиектері ретке келтіріліп, тегістелді, жол таңбаларын сызу жұмыстары да аяқталды. Қазіргі таңда жол сапасы «Жол активтері сапасының ұлттық орталығы» тарапынан тексерілуде.

Сонымен қатар Талица ауылындағы 2 шақырым және Шаған ауылындағы 1,5 шақырым ішкі жолға қиыршық тас төселіп, тегістелді. Ауданда жолдардың техникалық жағдайын анықтау үшін инструменталды диагностика жүргізіліп, тиісті мәліметтер E-Jodag цифрлық платформасына енгізілуде. Бұл жұмыстар жол сапасын бақылап, жөндеу шараларын тиімді жоспарлауға мүмкіндік береді.

«СТ» - ақпарат

ҰСТАЗ ҚҰРМЕТІНЕ КАБИНЕТ АШЫЛДЫ

Саналы ғұмырын жас ұрпаққа білім мен тәрбие беруге, ана тілінің мәртебесін көтеруге арнаған азаматтардың есімін кейінгі буынға үлгі ету – елдік парыз. Осындай игі мақсатты көздеген тағылымды шара аудандағы жалпы білім беретін орта мектепте өтті. Білім ошағында улағатты ұстаз, тіл жанашыры Нысанбек Омашев атындағы қазақ тілі кабинетінің ашылу салтанаты өтті.

Бек БОЛАТ,
«Semei tañu»

Салтанатты шараға аудан әкімі Мейіржан Смағұлов, Нысанбек Омашевтың шәкірттері, туған-туыстары мен мектеп ұжымы қатысты.

Жиында аудан әкімі Мейіржан Серікбосынұлы құттықтау сөз сөйлеп, ардақты ұстаздың өнегелі өмірі мен ұзақ жылғы педагогикалық қызметіне тоқталды. Оның білім саласына қосқан үлесі, шәкірт тәрбиесіндегі еңбегі және азаматтық ұстанымы кейінгі буынға үлгі екені айтылды.

Кабинеттің лентасын ел ағалары қиып, ақжолтай тілектерін білдірді. Бұл сәт қатысушылар үшін ерекше толқынысқа толы болды. Өйткені ұстаз есімінің өзі еңбек еткен білім ордасында жаңғырып, оның шәкірттері білім алатын ортаға айналуы – үлкен тағылым.



Жаңадан жабдықталған кабинетке ұстаз есімінің берілуі – оның ұзақ жылғы еңбегіне көрсетілген құрмет қана

емес, кейінгі ұрпаққа қалдырған өнегелі жолын дәріптеудің жарқын көрінісі. Тағылымды шара барысында

БЕСҚАРАҒАЙ ГРАНТ АЛЫП, КӘСІП АШТЫ



Бүгінде ауыл тұрғындарына кәсіп бастауға мүмкіндік беретін мемлекеттік қолдау шараларының маңызы артып келеді.

Өсіресе қайтарымсыз гранттар өз ісін ашып, тұрақты табыс көзін қалыптастырғысы келетін азаматтарға үлкен мүмкіндік береді. Мұндай қолдауды тиімді пайдаланып, кәсібін жолға қойғандардың бірі – Глуховка ауылдық округінің тұрғыны Нұрлан Қасымханов.

Көп балалы әке Нұрлан Әлімханбетұлы өз кәсібін ашу көптен бері ойында жүргенімен, қар-

жы тапшылығы бұл мақсатын жүзеге асыруға мүмкіндік бермегенін айтты. Арманын іске асыруға мемлекеттің қолдауы сеп болыпты. Айтуынша, өткен жылы қ ыркүйек айында аудандық комиссияның шешімімен 400 АЕК көлеміндегі мемлекеттік қайтарымсыз грантқа ие болған. Нұрлан Әлімханбетұлы бөлінген қаражатқа бизнес-жобасына қажетті құрал-жабдықтар мен басқа да керек-жарақтарды сатып алып, жартылай дайын өнімдер өндіруді бастаған.

– Мемлекеттік грант мен үшін ғана емес, отбасымыз үшін де үлкен мүмкіндік болды. Берілген қаражатқа қажетті заттардың барлығын сатып алдым. Ең бастысы, мемлекеттің қолдауының арқасында кәсібімді біртіндеп алға басып беріп келеді. Қазір ауыл тұрғындарына күнделікті қызмет көрсетіп, кәсібімізді тұрақты табыс көзіне айналдырып отырмыз, – дейді кәсіпкер.


Қазір кәсіпкердің өніміне сұраныс бар. Алдағы уақытта өнім көлемін арттырып, кәсібін кеңейтуді және жаңа жұмыс орындарын ашуды жоспарлап отыр.

Мемлекеттік қолдауының арқасында қарапайым ауыл тұрғынының кешегі арманы орындалып, табыс көзін тауып отыр. Нұрлан Қасымханов елімізде бастаймын деген адамға жағдай жасалған, мүмкіншілік көп дейді.

С.АМАНГЕЛЬДИНОВ,
Мансап орталығының маманы

ҰРЖАР

ЖЕРЛЕСІМІЗ – ҚОЛА ЖҮЛДЕГЕР



Абай облысының жас спортшысы Бекарыс Құдайберген 20-23 тамыз аралығында Эквадордың Гуаякиль қаласында өткен кадеттер арасындағы дзюдодан әлем чемпионатында қола жүлдеге ие болды.

Дүбірлі додаға әлемнің 59 елінен 457 жас татами шебері қатысып, өзара мықтыны анықтады. Ұржар ауданындағы мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің спортшысы, Б. Момышұлы атындағы орта мектептің оқушысы Бекарыс Құдайберген 50 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде ел намысын қорғады.

Жарыс барысында жас дзюдошы бес белдесу өткізіп, алғашқы кездесулерінде словакиялық Адам Маркович пен италиялық Исмаэль Мехабраны жеңді. Ширек финалда әзербайжандық Фарид Рзазадеге есе жібергенімен, жұбаныш белдесуінде алаң иесі эквадорлық Эмилиано Гарсиядан басым түсті. Ал қола жүлде үшін белдесуде грузиялық Саба Нозадзени жеңіп, әлем чемпионатының қола жүлдесін еншіледі.

Бұл - Бекарыстың табандылығы мен тынымсыз еңбегінің, сондай-ақ жаттықтырушысының кәсіби дайындығының нәтижесі.

«СТ» - ақпарат

Нысанбек Омашевтың өмірі мен шығармашылығына арналған әдеби композиция ұсынылып, ұстаздың өнегелі жолынан сыр шертетін бейнеролик көрсетілді. Нысанбек Омашевтың өнер жолына арналған музыкалық шығарма да орындалды. Шәкірттері, әріптестері мен туған-туыстары естеліктерін бөлісіп, Нысанбек Омашевтың адамгершілік қасиеттері, ұстаздық ұстанымы, шәкірттеріне деген қамқорлығы мен тілге деген жанашырлығы жайлы жылы лебіздерін жеткізді.

Іс-шара барысында ұстаздың ғибратты ғұмыры мен педагогикалық жолына арналған «Өмір өткелдері» атты кітаптың тұсаукесері өтті. Кітапта Нысанбек Омашевтың өмір жолы, ұстаздық еңбегі, шығармашылығы мен кейінгі ұрпаққа қалдырған рухани мұрасы жайлы баяндалады.

Жаңадан жабдықталған кабинет жас ұрпаққа білім беретін орын ғана емес, ұлттық құндылықтарды дәріптейтін, ана тілін құрметтеуге тәрбиелейтін тағылымды ортаға айналары анық. Мұнда құшылар ана тілінің бай мұрасын тереңірек меңгеріп, қазақ әдебиетінің жауһарларымен танысып, шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік алады.

БОРОДУЛИХА

Бүгінде еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтарды игеру - заман талабы. Осы орайда жергілікті кәсіпорындардың өз жұмыс орындарында мамандарды қайта даярлау және кәсіптік біліктілігін арттыру шаралары оң нәтижесін беріп келеді.

ЖАҢА МАМАНДЫҚ МЕГЕРДІ



Соның бір айғағы - биылғы жылдың 20 тамызында «Костенко» жеке кәсіпкерлігінде тағы 10 азамат жұмыс орнында кәсіптік оқыту курсынан сәтті аяқтады.

Заманауи үлгідегі оқыту бағдарламасы аясында қатысушылар еңбек нарығында үлкен сұранысқа ие екі бағыт бойынша білім алды. «Тігінші» мамандығы бойынша 5 адам заманауи тігін жабдықтарымен жұмыс істеуді үйреніп, мата түрлерін өңдеудің және сапалы өнім шығарудың қыр-сырын меңгерді.

Тағы 5 адам «Сатушы-кассир» мамандығы бойынша сауда-саттық саласында жұмыс істеу тәсілдерін, заманауи кассалық аппараттармен және есеп айырысу жүйелерімен жұмыс істеуді, сондай-ақ тұтынушыларға жоғары деңгейде қызмет көрсету стандарттарын үйренді.

Оқу барысы тек теориямен шектелмей, тікелей өндірістік алаңда, тәжірибелі нұсқаушылардың жетекшілігімен өтті. Бұл қатысушыларға алған білімдерін жұмыс барысында бірден өрі сенімді қолдануға және өз саласының нағыз шебері атануына жол ашады.

Курс соңында түлектерге арнайы куәліктер мен сертификаттар салтанатты түрде табыс етілді. Мұндай бастамалар аудандағы жұмыссыздық деңгейін төмендетуге, жергілікті кадрлық әлеуетті нығайтуға ықпал етеді.

Ш.ДОСКЕЕВА

САПАЛЫ БІЛІМ - САПАЛЫ АДАМИ КАПИТАЛ

Ақсуат аудандық мәдениет үйінде «Жаңа халықтық Конституцияның нормалары мен құндылықтары: адами капиталды дамыту – білім беру жүйесінің стратегиялық негізі» тақырыбында білім беру саласы қызметкерлерінің дәстүрлі тамыз конференциясы өтті.

Жаңа оқу жылы қарсаңында өткен жиында ауданның білім беру жүйесінің қазіргі ахуалы сараланып, алдағы оқу жылына арналған міндеттер айқындалды.

Конференция жұмысына аудан әкімі Ерсің Ескендіров, білім беру ұйымдарының басшылары, педагогтер мен сала ардагерлері қатысты. Салтанатты іс-шара барысында аудан әкімі Ерсің Кәдірбекұлы ұстаздар қауымын жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, білім саласында еңбек етіп жүрген педагогтерге шығармашылық табыс пен толғағай жетістіктер тіледі.

Тамыз конференциясы барысында білім беру саласында жемісті еңбек етіп, ауданның білім жүйесін дамытуға, жас ұрпаққа сапалы білім мен сапалы тәрбие беруге елеулі үлес қосқан ұстаздар мен сала қызметкерлері де назардан тыс қалмады. Бірқатар педагогтерге марапаттар табысталып, олардың еңбегі елеп-ескерілді.

Облыс әкімінің «Абай облысына сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен ардагер-ұстаздар Айтқамал Биғазина мен Бақытгүл Нұрсапина, Тоғас батыр атындағы орта мектептің директоры Гүлнара Малғаждарова марапатталды. Ал «Ақсуат ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуына сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісі аудандық білім бөлімінің



әдіскері Гүлзамира Долдинаға табысталды. Бұдан бөлек, білім беру саласының бірқатар қызметкеріне аудан әкімінің және облыстық білім басқармасының Құрмет грамоталары тапсырылды. Бұл марапаттар – ұстаз еңбегінің қоғамдағы маңызын айқындап, педагогтерді кәсіби ізденіске ынталандыратын жақсы дәстүрдің бірі. Жиын барысында аудандық білім бөлімінің басшысы А. Қыдырмолдин әріптестерін дәстүрлі тамыз конференциясының ашылуымен құттықтап, өткен оқу жылындағы атқарылған жұмыстар мен жетістіктерге тоқталды. Сондай-ақ білім беру саласында шешімін күткен мәселелер сараланып, жаңа оқу жылында атқарылатын басым міндеттерге назар аударылды.

Басқосуда білім беру сапасын арттыру, оқы-

ту мен тәрбиенің тиімділігін күшейту, педагогтердің кәсіби әлеуетін дамыту және ескеңе ұрпақтың жан-жақты дамуына жағдай жасау мәселелері кеңінен сөз болды. Қазіргі таңда білім беру саласы қоғамдағы өзгерістермен бірге жаңарып, заманауи талаптарға бейімделіп келеді.

Жиында білім беруді цифрлық трансформациялау мәселесіне де ерекше мән берілді. Бүгінде цифрлық технологиялар оқу үдерісінің ажырамас бөлігіне айналып отыр. Сондықтан білім беру ұйымдарында жасанды интеллект мүмкіндіктерін тиімді пайдалану, педагогтер мен оқушылардың цифрлық сауаттылығын арттыру, заманауи білім беру платформалары мен электронды ресурстарды оқу үдерісіне ұтымды енгізу – уақыт талабынан туындаған міндеттер.

Сонымен бірге білім алушылардың тек пәндік білімін жетілдірумен шектелмей, олардың шығармашылық қабілетін, сыни ойлауын, жауапкершілігін және қоғам алдындағы азаматтық ұстанымын қалыптастырудың маңыздылығы айтылды. Өйткені сапалы білім мен дұрыс тәрбие – елдің болашағын айқындайтын адами капиталдың негізгі тірегі.

Білім бөлімінің басшысы «Орта білім беретін үздік ұйым» конкурсының аудандық кезеңінде жоғары нәтиже көрсетіп, грантқа ие болған мектептерге марапаттар табыстады.

Жалпы, тамыз конференциясы – педагогтер үшін өткен оқу жылын қорытындылап қана қоймай, алдағы кезеңге жаңа міндеттер белгілейтін маңызды алаң. Ақсуат ауданында білім сапасын арттыру, педагог мәртебесін көтеру, цифрлық мүмкіндіктерді тиімді пайдалану және жас ұрпақтың сапалы білім алуына қолайлы жағдай қалыптастыру бағытындағы жұмыстар жаңа оқу жылында да жалғасын табады.



БОРОДУЛИХА

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҚ - ЗАМАН ТАЛАБЫ

Дмитриевка ауылында тұрғындармен кездесу өтті. Тұрғындардың құқықтық сауаттылығын арттыру, заң талаптарын түсіндіру мақсатында ұйымдастырылған жиынға учаскелік полиция инспекторы полиция майоры К. Бейсенбеков қатысты.

Кездесу барысында «Заң және тәртіп» қағидаты, құқықтық тәртіпті нығайту, заң талаптарын сақтау және құқық бұзушылықтың алдын алу азаматтардың қоғам алдындағы жауапкершілігі, өзге адамдардың құқықтарын құрметтеу мәселелері сөз болды.

Заң мен тәртіптің сақталуы - кез келген қоғамның тұрақтылығы мен қауіпсіздігінің, ел берекесінің басты негізі. Сондықтан қоғамдағы тыныштық пен тәртіпті сақтауға әрбір азамат өз үлесін қосуы тиіс.

ЖАСТАРМЕН КЕЗДЕСУ ӨТТІ

Бородулиха ауданында ескеңе ұрпақтың құқықтық сауаттылығын арттыру және зиянды әдеттерден сақтандыру мақсатында кезекті іс-шара ұйымдастырылды.

Аудандық полиция бөлімімен бірлесіп өткізілген жиын барысында мамандар мен тәртіп сақшылары қатысушыларға есірткі қолданудың адам денсаулығына, психологиясына және болашақ өміріне тигізетін кері әсерін егжей-тегжейлі түсіндірді. Сонымен қатар есірткі бизнесіне және оны таратуға қатысты заңнамалық жауапкершіліктер де ескертілді.

Ұйымдастырушылар жастарды заңсыз әрекеттерден аулақ болып, бос уақытты тиімді өткізуге, спортпен шұғылдануға және салауатты өмір салтын ұстануға шақырды.

Шара соңында қатысушыларға ақпараттық жаднамалар мен буклеттер таратылды.

ЖАРМА

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Жарма ауданы әкімдігінде кезекті жиын өтті. Отырыста ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы, білім беру ұйымдарының жаңа оқу жылына дайындығы, жұмыспен қамту, коммуналдық мүлік басқару және елді мекендерді абаттандыру мәселелері қаралды.

Жиын барысында аудан әкімінің міндетін атқарушы Берік Терлікбаев жауапты тұлғалардың жұмысына қатысты бірқатар сын-ескертулер айтып, анықталған кемшіліктерді жоюды тапсырды.

Сондай-ақ аудан аумағындағы иесіз мүліктерді түгендеп, тізімін нақтылау міндеттелді. Сонымен қатар білім беру ұйымдарындағы тамақтандыру сапасы мен санитариялық талаптардың сақталуына да ерекше назар аударылды. Бұдан бөлек, округтердің меншікті кірістер жоспарын орындау және кіріс көздерін арттыру бойынша нақты шаралар қабылдау міндеттелді.

КӨКПЕКТІ

4G МОБИЛЬДІ БАЙЛАНЫСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Биғаш ауылында 4G мобильді байланысы іске қосылды. Бұл – елді мекен тұрғындары көптен күткен маңызды жаңалықтардың бірі. Сапалы интернет мәселесі бұған дейін ауыл тұрғындары тарапынан түрлі кездесулер мен жиындарда бірнеше рет көтерілген болатын. Енді Биғаш тұрғындары жылдам мобильді интернетті пайдаланып, мемлекеттік және цифрлық қызметтерді онлайн алуға, білім беру ресурстарына қол жеткізуге және заманауи сервистерді кеңінен қолдануға мүмкіндік алды.

Бүгінде Биғаш ауылында 272 адам тұрады. Елді мекенде негізгі мектеп пен медициналық пункт жұмыс істейді. Сондықтан 4G желісінің іске қосылуы тұрғындардың күнделікті өмірін жеңілдетіп қана қоймай, ауылдағы әлеуметтік нысандардың да мүмкіндігін кеңейте түседі.

МАҚАНШЫ

ҚАУІПСІЗДІК БАСТЫ НАЗАРДА

Мақаншы ауданында тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және төтенше жағдайлардың алдын алу бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуде. Осы ретте өрт сөндіру бөлімдерінің материалдық-техникалық базасын жаңарту мен қызметкерлерге қолайлы жағдай жасауға да басымдық беріліп отыр.

ҚР Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әрінов Абай облысына жұмыс сапары барысында Мақаншы ауылындағы 1969 жылы салынған №18 өрт сөндіру бөлімінің жаңғырту барысымен танысты.

Қазіргі таңда бөлімде 24 қызметкер еңбек етеді. Өрттер мен төтенше жағдайларға жедел деңгей үшін мұнда алты бірлік арнайы техника жұмылдырылады.

Жаңғырту аясында ғимарат заманауи талаптарға сәйкестендіріліп, өрт сөндіру-құтқару техникаларын орналастыруға арналған модульдік ангар салынуда.

«СТ» - ақпарат

ЖАҢАСЕМЕЙ

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ: НӘТИЖЕ, МҮМКІНДІК

Жаңа оқу жылы қарсаңында Жаңасемей ауданында білім беру саласы қызметкерлерінің дәстүрлі Тамыз кеңесі өтті. Түркісіб жалпы орта білім беретін мектебінің базасында ұйымдастырылған кәсіби басқосу «Жаңа халықтық Конституцияның нормалары мен құндылықтары: адами капиталды дамыту – білім беру жүйесінің стратегиялық негізі» тақырыбына арналды.

Ай-Көркем МАҚЫШ,
«Semei tanu»

Жиынға аудан әкімдігінің, мәслихаттың, ардагерлер кеңесінің, кәсіподақ ұйымының өкілдері, білім беру саласының басшылары мен педагогтер қатысты.

Пленарлық отырыста аудан әкімі Нұржан Әбдікерімов ұстаздарды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, білім саласының дамуына үлес қосып жүрген бірқатар педагогке Алғыс хат табыстады. Сондай-ақ жиында білім беру жүйесінің өткен оқу жылындағы нәтижелері сараланып, алдағы міндеттер айқындалды.

Жаңасемей ауданы білім бөлімінің басшысы Айнұр Бахтина «2025–2026 оқу жылының қорытындысы және алдағы кезеңге арналған мақсаттар мен міндеттер» тақырыбында баяндама жасады.

– Бүгінде Жаңасемей ауданында 17 мемлекеттік мектеп жұмыс істейді. Білім беру ұйымдарында 2445 оқушы білім алады. Өткен оқу жылында 127 түлек мектеп бітірді. Оның ішінде 5 оқушы «Алтын белгі» иегері атанса, 10 түлек мектепті үздік аттестатпен тәмамдады. Аудандағы 4 тірек мектеп пен 12 шағын жинақты мектеп ауылдық жерлердегі балаларға сапалы білім беруде маңызды рөл атқарып отыр. «Ауыл мектебі – сапа алаңы» жобасы аясында ауыл мектептерінің материалдық-техникалық базасын нығайту, педагогтерге кәсі-



би қолдау көрсету және оқушыларға тең мүмкіндік жасау бағытындағы жұмыстар жалғасуда, – деді Айнұр Бахтина.

Өткен оқу жылында аудан оқушылары пәндік олимпиадалар мен ғылыми жобаларда жақсы нәтижелер көрсетті. Облыстық пәндік олимпиадаларда математика, физика, биология, география және тілдер бағытында 20-дан астам жүлделі орын иеленді. «Ауыл олимпиадасының» республикалық кезеңінде Шақаман мектебінің оқушысы ағылшын тілі пәнінен III орын алды. Жарқын мектебінің оқушысы «Зерде» ғылыми жобасының республикалық кезеңінде ІІ дәрежелі диплома ие болды.

Оқушылардың жетістігі өнер, спорт және техникалық шығармашылық бағыттарында да жалғасты. Приречный мектебінің оқушылары «Astana First & Drones

Championship 2026» робототехника байқауында нәтижелі өнер көрсетті. «Star Kids» және «Алтын Абай» конкурстарында қосымша білім беру мекемелерінің тәрбиеленушілері гран-при иеленді. Ұлттық мектеп лигасында Приречный мектебінің қыздар футбол командасы мен Ибраева мектебінің баскетбол командасы І орын алып, республикалық кезеңге жолдама алды. Бұлақ мектебінің оқушылары С. Нұрмағамбетов атындағы турнирде әскери-қолданбалы спорт түрлерінен І дәрежелі диплома ие болды.

Тамыз кеңесінде педагогтердің кәсіби жетістіктеріне де ерекше мән берілді. Аудан ұстаздары облыстық және республикалық кәсіби байқауларда жүлделі орындарға ие болды. «Ой-сандық» зияткерлік байқауында педагогтер Бас жүлде, І және ІІ орындарға ие болып, республикалық ке-

орынбасары Аслан Балабекұлы қатысып, ауыл тұрғындарын құттықтады.

Жаңа саябақта ауыл тұрғындары демалып, балаларын ойнатып, бос уақытын тиімді өткізетін болады. Саябақ аумағы абаттандырылып, демалушыларға қолайлы жағдай жасалған. Тұрғындар ауылдың көркейіп келе жатқанын айтып, ризашылықтарын білдірді.

Аа ауданға қарасты Ақтас ауылында жаңа балалар ойын алаңы ашылды. Алаңның ашылуына аудан әкімінің орынбасары Аслан Балабекұлы қатысып, тұрғындарды жаңа нысанның іске қосылуымен құттықтады.

Балалар ойын алаңының ашылуы ауылдағы әлеуметтік инфрақұрылымды толықтыра түсті. Енді бүлдіршіндер бос уақытын таза ауада өткізіп, қауіпсіз әрі жайлы ортада ойнап, белсенді демала алады.

Жалпы, Көкпекті ауданындағы бұл жұмыстардың барлығы ауыл тұрғындарының тұрмысын жеңілдетіп, елді мекендердің тартымдылығын арттыруға бағытталған. Сапалы ауыз су, абаттандырылған саябақ пен балалар ойын алаңдары – ауыл өміріне қажетті маңызды ігіліктер. Мұндай нысандар ауылдың көркін арттырып, ескеңе ұрпақ үшін қолайлы орта қалыптастыруға септігін тигізеді. Өз кезегінде Ақтас ауылының тұрғындары аудан әкімі Нұрбек Қошқарбаевқа алғыстарын білдірді.

Өз тілшіміз

КӨКПЕКТІ

АУЫЛДАҒЫ ИГІ ІСТЕР

Көкпекті ауданында елді мекендердің инфрақұрылымын жақсарту, тұрғындарға қолайлы жағдай жасау бағытындағы жұмыстар жалғасуда.

Қазіргі таңда Көкпекті ауылында жеке тұрғын үйлерді жаңа су құбыры желілеріне қосу жұмыстары жүргізілуде. Жуыра аудан әкімінің орынбасарлары Қайратбек Серіктаусұлы, Азамат Көрімұлы және аудан әкімінің кеңесшісі Қайрат Алғазыұлы «Көкпекті» коммуналдық кәсіпорны басшысының міндетін атқарушы Ербол Зейтінұлымен бірге атқарылып жатқан жұмыстардың барысымен танысып қайтты.

Негізгі міндет – тұрғын үйлерді орталықтандырылған ауыз су жүйесіне кезек-кезеңімен қосып, халықты тұрақты әрі сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету. Осы мақсатта ауылдағы су жинағыш станциясында да жұмыстар атқарылууда. Қазіргі уақытта су ұңғымалары тереңдетіліп, кеңейтіліп жатыр.

Жауапты мамандарға жұмыстардың сапасын басты назарда ұстау, белгіленген мерзімде аяқтау, тұрғындарға қолайсыздық туғызбау және су жүйесінің тұрақты жұмысын қамтамасыз ету тапсырылды.

МАҚАНШЫ

АКЦИЯҒА 5 МЫҢ ТҰРҒЫН ҚАТЫСТЫ

Ай-Көркем ЖАҚЫП,
«Semei tanu»

Мақаншы ауданында «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бағдарламасы аясындағы игі істер жалғасуда. Бағдарламаның негізгі мақсаты – елді мекендердің санитарлық жағдайын жақсартып қана қоймай, тұрғындардың қоршаған ортаға деген жауапкершілігін арттыру, туған жерді таза ұстау мен көгалдандыруды күнделікті дағдыға айналдыру. Осы бағытта ауданда көктем айларынан бері бірқатар ауқымды іс-шаралар ұйымдастырылды.

Аудан көлемінде 3 сәуір мен 31 мамыр аралығында аудан аумағында елді мекендерді санитарлық тазалау, абаттандыру және көгалдандыру бойынша екі айлық жарияланды. Осы кезеңде 19 сенбілік өткізіліп, оған аудан және 11 ауылдық округ әкімдіктері, 32 мемлекеттік мекеме, жастар ұйымдары, еріктілер мен жергілікті тұрғындар қатысты.

Сенбіліктер барысында көшелер, жол жиектері, қоғамдық орындар, саябақтар мен елді мекендердің айналасы тазартылды. Құраған және ретсіз өскен тал-дарактар кесіліп, ағаш түптері өктелді. Сондай-ақ абаттандыруды қажет ететін аумақтар ретке келтіріліп, тұрғындар көп шоғырланатын

қоғамдық орындардың санитарлық жағдайын жақсартуға көңіл бөлінді.

Жалпы, тазалық жұмыстарына 5 мыңнан астам тұрғын қатысып, 25-ке жуық арнайы техника жұмылдырылды. Атқарылған жұмыстардың нәтижесінде аудан аумағынан 280 тоннадан астам тұрмыстық қалдық шығарылды. Бұл акцияның ауқымын ғана емес, тұрғындардың туған жер тазалығына деген ортақ жауапкершілігі де көрсетеді.

Бағдарлама аясында көгалдандыру жұмыстарына да ерекше мән берілді. Аудан бойынша 2026 жылға 5 мың түп ағаш отырғызу жоспарланған. Бүгінде 4500 түп тал отырғызылып, жоспар 90 пайызға орындалды. Ағаш егу жұмыстары елді мекендердің көшелері, қоғамдық орындары мен мемлекеттік мекемелердің аумақтарында жүргізілді.

Көгалдандыру жұмыстарына қажетті көшеттерді қамтамасыз етуге облыстық деңгейде қолдау көрсетілді. Мамыр айында Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасынан ауданға 2385 түп қайың, күл, үйеңкі, терек және шырша көшеті жеткізіліп, ауылдық округтерге бөлінді. Нәтижесінде ауданның барлық елді мекендерінде ағаш отырғызу шарасы ұйымдастырылды.

Ал 30 мамырда Қатонқарағай ауданынан жеткізілген 90 түп шырша көшеті Мақаншы ауылының көшелері мен мемлекеттік мекемелердің аумақтарына отырғызылды. Бұл жұмыстар елді мекендердің көркін арттырып қана қоймай, жасыл желек көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Экологиялық бастамалар ауыл-аймақтармен шектелмей, Алакөл жағалауында да қамтыды. 6 маусымда ЕСО Qadam форумы аясында 300-ге жуық жастың қатысуымен Алакөл көлінің жағалауындағы 150 гектар аумақта ауқымды тазалық акциясы ұйымдастырылды. Жастар жағалау аумағын тұрмыстық қалдықтардан тазартып, табиғи ортаны қорғауға өз үлестерін қосты.

Мұндай шаралардың тәрбиелік мәні де зор. Әсіресе жастардың экологиялық акцияларға белсенді қатысуы олардың табиғатқа жанашырылқпен қарауына, қоршаған ортаны қорғаудың маңызын түсінуіне ықпал етеді. Тазалық жұмыстарына өз еркімен атсалысқан тұрғындар да кейінгі бұныға үлгі көрсетіп келеді.

Мақаншы ауданы үшін табиғатты қорғау мен қоршаған ортаның тазалығын сақтау айрықша мәнге ие. Аудан аумағында Алакөл секілді бірегей табиғи нысан орналасқан. Сондықтан туристік әлеуеті жоғары өңірде та-

ДӘСТҮР

АБАЙ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ХАТЫМ ДАСТАРҚАНЫНЫҢ МӘЗІРІ ЕЛ ҚОЛДАУЫНА ИЕ БОЛДЫ

Елімізде жерлеу, еске алу және ас беру рәсімдеріне байланысты жұмсалатын шығын көлемі өңірлер арасында әртүрлі. Осы ретте Абай облысында ас беру рәсімдерінің құны өзгеріссіз сақталып, төмен деңгейде қалып отыр.



Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы, Абай облысының имамдары, ардагерлер кеңесі және қоғамдық кеңес мүшелерінің ортақ ұсынысы негізінде хатым дастақханының арнайы ас мәзірі әзірленген. Мәзірге санаулы ғана тағам түрі енгізіліп, хатым дастарқанына сол тағамдарды ғана қоюға рұқсат етілген.

Атап айтқанда, дастарқан мәзіріне ет, күріш, шөлпек, бауырсақ, құрт, ірімшік, қоспа, талқан, май, қатық, қант, науат, құрма, өрік, мейіз және шай кіреді.

Аталған мәзірді Абай облысының тұрғындары марқұмдарды еске алуға арналған хатымдарда кеңінен қолданып, осы қағиданы ұстанып келеді. Бұл бастама ас беру мәдениетін біріздендіріп қана қоймай, отбасыға түсетін материалдық салмақты азайтуға да мүмкіндік беріп отыр.

Абай облысының хатым дастарқанындағы ықшам мәзірге өзге өңірлердің тұрғындары мен қоғам өкілдері де оң пікір білдіруде. Өңірде қалыптасқан бұл тәжірибе ысырапшылдықты азайтып, қарапайымдылық пен үнемділікті насихаттауға бағытталған маңызды бастама ретінде бағалануда.

«СТ» - ақпарат

ҚАУІПСІЗДІК

БАҚЫЛАУ КҮШЕЙТІЛДІ

Абай облысында жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған профилактикалық шаралар заманауи технологиялардың көмегімен үзге асырылуда. Polisia.kz хабарлауынша, полиция қызметкерлері жолдағы жағдайды бақылау үшін дрондарды пайдаланып, әуеден мониторинг жүргізуде.



Ұшқышсыз ұшу аппараттары жол қозғалысын кең ауқымда бақылауға, қауіпті учаскелерді анықтап, ереже бұзудың алдын алуға мүмкіндік береді. Әуеден бақылау кезінде жүргізушілердің қауіпсіздік белдігінің тағуы, көлік басқару кезінде ұялы телефон қолданбауы және жол қозғалысы талаптарын сақтауы назарға алынады.

Профилактикалық жұмыстың негізгі мақсаты — құқық бұзушылықты анықтаумен қатар, оның алдын алып, жүргізушілердің жауапкершілігін арттыру. Полиция қызметкерлері көлік жүргізу кезінде барынша мұқият болуға шақырады.

«Рөлде отырған сәтте бір ғана секундқа телефонға алаңдау орны толмас салдарға әкелуі мүмкін. Сондықтан көлік тізгінінде отырғанда назарыңызды телефонда емес, жолда болсын. Қауіпсіздік әр адамның жауапкершілігінен басталады», - делінген Polisia.kz таратқан ақпаратта.

Заманауи технологиялар жолдағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған полиция жұмысының тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

«СТ» - ақпарат



Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, мемлекеттер зейнетақы жүйелерінің ұлттық ерекшеліктеріне қарай зейнетақы жинақтарын қорғаудың әртүрлі тетіктерін қолданады.

ӘЛЕМ ЕЛДЕРІНДЕ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫ ҚАЛАЙ ҚОРҒАЛАДЫ?

Көптеген елдерде зейнетақы жүйелеріне қатысушылардың құқықтарын қорғау зейнетақы төлемдері бойынша міндеттемелердің орындалмау тәуекелдерін сақтандыру, зейнетақы қорлары мен басқарушы компаниялардың қызметін мемлекеттік қадағалау, сондай-ақ олардың қаржылық тұрақтылығы мен тәуекелдерді басқару жүйесіне қойылатын талаптарды белгілеу сияқты тетіктер арқылы қамтамасыз етіледі. Демек, негізгі басымдық тұрақты реттеу жүйесін қалыптастыруға, тиімді қадағалауды қамтамасыз етуге және жауапкершілікті мемлекет, қорлар мен басқарушы компаниялар арасында бөлуге беріледі.

АҚШ-та белгіленген төлемдер жүйесіне (Defined Benefits, DB) негізделген корпоративтік зейнетақы жоспарларын Pension Benefit Guaranty Corporation (PBGC) федералдық сақтандыру жүйесі қорғайды. Бұл жүйе жұмыс берушінің қызметкердің зейнетақы жинақтарын қалыптастыру бойынша өз міндеттемелерін орындауға қабілетсіз болған жағдайда, корпоративтік зейнетақы жоспары бойынша (заңда белгіленген шектерде) қызметкер алдындағы зейнетақы міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етеді.

Ұлыбританияда мұндай функцияларды Pension Protection Fund (PPF) атқарады. Осыған ұқсас тетіктер Германияда да қолданылады. Бұл ретте осы тәрізді сақтандыру жүйелері тек белгіленген төлемдерге (Defined Benefits, DB) негізделген корпоративтік зейнетақы жоспарларына қолданылады және белгіленген жарналарға (Defined Contributions, DC) негізделген жинақтаушы зейнетақы жүйелеріне қолданылмайды.

Кейбір елдерде зейнетақы жинақтарының ең төменгі кірістілігін қамтамасыз ету тетіктері көзделген. Олар абсолюттік номиналдан мәнде де(мысалы, Бельгияда, Швейцарияда, Малайзияда, Сингапурда), сондай-ақ салыстырмалы түрде, яғни белгілі бір бағдарлық көрсеткішпен салыстыру арқылы, мысалы, орташа кірістілікке қатысты (Латын Америкасы елдерінде) белгіленуі мүмкін. Бельгия мен Швейцарияда міндетті кәсіптік зейнетақы қорларындағы кірістіліктің ең төменгі номиналды мөлшерлемесі заңнамамен бекітілген. Ол жұмыс берушінің өз қызметкерінің зейнетақы жоспары бойынша міндеттемелерін есептеу кезінде пайдаланылады.

Латын Америкасының бірқатар елдерінде (Чили, Колумбия, Сальвадор) ең төменгі кірістілік зейнетақы қорларының тиісті түрлері арасындағы орташа кірістілікке қатысты айқындалады. Егер зейнетақы қорын басқарушы (Administradora de Fondos de Pensiones, AFP) ең төменгі кірістілікті қамтамасыз ете алмаса, айырма қалыптастырылған резервтер (кепілдік резерві) есебінен өтеледі.

Азияның бірқатар елдерінде де зейнетақы жинақтарының ең төменгі кірістілігіне қатысты талаптар қолданылады. Малайзияда қызметкерлердің жинақтаушы қоры (Employees Pension Fund, EPF) зейнетақы жинақтарының жылдық номиналды кірістілігіне кемінде 2,5% мөлшерінде кепілдік береді. Сингапурда Орталық жи-



нақтаушы қор (Central Provident Fund, CPF) жылына 2,5%-дан 4%-ға дейінгі ең төменгі номиналды кірістілікті (шоттың түріне қарай) қамтамасыз етеді.

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше елдердің іс жүзінде барлығында зейнетақы қорлары мен басқарушы компаниялардың қызметі мемлекет тарапынан тәуекелге бағдарланған қадағалауға алынып, капиталдың жеткіліктілігіне, резервтерді қалыптастыруға, тәуекелдерді басқару жүйесіне және клиенттердің активтерін инвестициялық басқарудың кәсіби стандарттарын сақтауға қатысты қатаң талаптар қойылады.

Осылайша, жинақтаушы зейнетақы жүйелері дамыған сайын негізгі басымдық тиімді реттеуге, тәуекелге бағдарланған қадағалауға, сондай-ақ салымшылардың құқықтары мен инвестициялық мүмкіндіктерін кеңейтуге қарай ауысып келеді.

Қазақстанның зейнетақы жүйесі де осы бағытта дамып келеді. Еске сала кетейік, заңнамалық өзгерістер азаматтардың өздерінің зейнетақы жинақтарын басқару мүмкіндіктерін кеңейтуді көздейді. Салымшы әртүрлі инвестициялық стратегиялар мен портфельдерді ұсынатын бір немесе бірнеше басқарушы компанияны өз бетінше тандап, өзінің жинақтарының 100%-ына дейінгі бөлігін олардың сенімгерлік басқаруына бере алады.

Инвестициялық мүмкіндіктердің кеңеюі және зейнетақымен қамсыздандыру деңгейін арттыру шараларының іске асырылуымен бірге зейнетақы жинақтарының сақталуын қамтамасыз ету тәсілдері де өзгеруде. 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап мемлекеттің кепілдігі БЖЗҚ-дағы міндетті зейнетақы жарналары мен міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының нақты енгізілген жарналар мөлшерінде сақталуын қамтамасыз ететуді көздейді. Бұл ретте мемлекеттің негізгі міндеттемелері зейнетақының мемлекеттік құрамдас бөлігінің (базалық және ынтымақты зейнетақылардың) жеткіліктілігін сақтауға шоғырландырылады.

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз қызметі

Біз бүгін Абайды шынайы тани алдық па? Бұл сауалға «Абайды кім білмейді?» деп біреулер дау айтуы да мүмкін. Бірақ біздің осы уақытқа дейінгі білетіміміз – ақынның мектеп хрестоматиясындағы санаулы өлеңдері мен бірлі-жарым қанатты сөздері ғана.

АҚЫН МҰРАСЫ – ХАЛЫҚ ҚАЗЫНАСЫ

Жалпы, халық педагогикасы – адамзат дамуының табиғи заңдылықтары мен ғасырлар бойы қалыптасқан тарихи қазынасы. Ол – ойдан шығарылған дүние емес, адамның дүниеге келуінен бастап өмірден өткеніне дейінгі бүкіл ғұмырын тегіс қамтитын қасиетті тәрбие құралы. Ғылыми педагогиканы заман ағымына қарай өзгертуге болар, ал табиғат пен тарих сыйлаған халық этнопедагогикасын өзгерту мүмкін емес. Егер оны өзгертсек немесе ұмыт қалдырсақ, ұрпақ тәрбиесінің табиғи арнасынан жаңылуымыз мүмкін.

Өйгілі ғұлама Әл-Фараби: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне қауіп әкеледі», - деген екен. Ойшылдың көрегендігінен айтқан бұл сөзі бүгінгі қоғам үшін де өзекті. Мойындау керек, біз кейінгі уақытта осы үрдістен сәл айырылып қалдық. Ежелгі ұлттық тәрбиеміздің нақ жолынан ауытқып, жасандылыққа бой ұра бастағандаймыз. Осы орайда, ұлттық құндылықтарымыз бен өткенімізді жандандыру мақсатында бізге басты бағдаршам болатын ілім бар. Ол – Абай педагогикасы.

Баланың ұстазы - ата-анадан кейінгі оның мектептегі мұғалімдері. Өз басым, ұстаздық мамандықты игеріп жатқан жас буынға жоғары оқу орындарында «Абай педагогикасы» деген арнайы оқулық енгізіліп, болашақ мамандар сол іліммен қаруланса деймін. Сонда ғана біз хакім Абайдың кемеңгер педагог екеніне толық көз жеткізіп, иланар едік.

Ұзақ жылғы ұстаздық тәжірибеде осы темірқазықтай тандап алған тақырыбымынан ешқашан айныған емеспін. Өйткені Абай өлемі кез келген саналы жанның жадында жүретін, адами болмыстың кең ауқымын қағидаты емес

пе?! Мәселен, хакімнің 4, 7, 19, 32, 33, 35, 37 және 38-қара сөздерін педагогикалық мәні зор шығармалар деуге толық негіз бар. Оларда адам тәрбиесі, білім мен ғылым, еңбек, мінез-құлық, адамгершілік пен рухани кемелдену мәселелері терең қозғалады.

Ұлы ақынның шығармашылық деңгейін, ерекшеліктері мен тәрбиелік тағылымын зерттеуші ғалымдар бүгінде баршылық. Солардың ішінен белгілі абайтанушы Асан Омаровтың іргелі зерттеулерін және жас буынның арасынан суырылып шыққан ойы озық азамат, «Ар ілімі» кітабының авторы Шалқар Ахановтың тың идеялары мен тұжырымды ойларын ерекше атап өткім келеді.

Жалпы, адамгершілік пен имандылық тәрбиесі – барша адамзат баласының, соның ішінде арлы халықтың ғасырлар бойы аңсаған асқақ арманы. Сол арманның биігіне жету үшін жиған-терген білім-ілімімізді жас ұрпақтың бойына сіңіруді өзіміздің басты адамдық, ұстаздық міндетіміз деп санағанымыз абзал. «Мыңмен жалғыз алысқан» Абай атымыздың кез келген ісі мен айтқан сөзі – бүгінгі жастар үшін тұнып тұрған тәрбие. Сөзім дәлелді болуы үшін ел арасында кеңінен танымал Абай мен Қиясбай арасындағы өңгімеге негізделген мына бір шағын сахналық қойылымға назар аударғанды жөн көрдім.

– Ассалаумағалейкум, Абай аға!

– Аман ба, Қиясжан, төрге шық! (Бөлмедегі игі жақсылар Қиясбайға ұнатпай, менсінбей қарайды).

– Абай аға, Сізде ояшада айтар маңызды шаруам бар еді...

– Қияштың айтары бар екен, сіздер сыртқа шыға тұрыңыздар, - дейді Абай (жанындағыларға бұрылып). Екеуі оңаша қалғанда, Қиясбай сыр ашады:

кодтарын оқи алуы тиіс. Сонымен қатар 2D-сканерлердің болуы, кассалық бағдарламаның цифрлық таңбалау жүйесімен байланысы және фискалдық деректер операторы арқылы ақпараттың берілуі тексерілуі қажет. Таңдалған сыраны сақтан кезде кодты міндетті түрде сканерлеу талап етіледі. Өнімді тек атауы немесе штрих-коды арқылы өткізу жеткілісіз.

Міндетті таңбалау енгізілгенге дейін өндірілген өнімге өтпелі кезең қарастырылған. Мұндай сыраны белгіленген тәртіппен жыл соңына дейін сақтау болады. Сондықтан кәсіпкерлер қоймадағы өнімнің өндірілген күнін алдын ала тексергені жөн.

Талаптар сақталмаған жағдайда өкімшілік жауапкершілік қарастырылған. ҚР Өкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 283-бабына сәйкес, жеке тұлғаларға 50 АЕК, шағын бизнес субъектілеріне 150 АЕК, орта бизнеске 200 АЕК, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне 500 АЕК мөлшерінде айыппұл салынуы мүмкін. Сонымен қатар акцизделетін өнім тәркіленіп, лицензиядан айыру шарасы да қолданылуы ықтимал.

ҰЛТТЫҚ СПОРТ

ТҰЛПАРДЫҢ ЖЕҢІСІ — БАПКЕР ЕҢБЕГІ



Жүйрікті баптап, жарысқа қосу — бір күндік дайындықты емес, жыл бойғы еңбекті, тәзімділікті және жылқының табиғатын дәл тануды талап ететін өнер. Көкпекті ауданындағы Тассай ауылдық округіне қарасты Үшкөмей ауылында қазақтың қасиетті атбегілік өнерін жалғастырып, жүйрік баптап жүрген Слямвотар әулеті бар. Сол әулеттің бүгінгі мақтанышы — бес жасар Маралқасқа тұлпары.

Қостанай және украин тұқымынан тараған сәйгүлік өзінің жүйріктігімен ғана емес, бәйгелердегі тұрақты нәтижесімен де көптің назарын аударып жүр. Биыл Маралқасқа төрт рет бәйгеге қатысып, соның үшеуінде бірінші орын алған. Ірі додаларда топ жарып, екі автокөлік иеленген жүйріктің жеңісінің артында, әрине, аттың тектік қасиеті ғана емес, оны күн сайын күтіп-баптап, бәйгеге дайындаған иесінің еңбегі зор. Маралқасқаның иесі Азамат Слямвотар үшін ат баптау — атадан балаға жалғасқан дәстүр. Жуырда ат иесімен аз-кем сұхбаттасқан едік.

– **Азамат аға, Маралқасқаның биылғы жетістігі көңіл қуантады. Тұлпардың қиалы байтағысыздар?**

– Ат баптауда әкемізден көріп, үйрендік. Жылқының жалына жармасып өстік, атты жаратуды, жем-шөбін дайындауды біртіндеп үйрендік. Қазір Маралқасқа да өзіміз, отбасымызбен бірге байтаймыз. Биыл үш ат пен бір тайды бәйгеге дайындап жатырмыз. Маралқасқадан бөлек, Гүлсары, Ардақүрең деген жүйріктеріміз де бәйгелерден жүлде алып жүр. Сондықтан бұл біз үшін жай ғана жарыс емес, әкеден қалған дәстүрді жалғастыру деп білеміз.

– **Маралқасқа бес жаста екен. Осы уақыт ішінде талай бәйгеде топ жарып үлгерді. Биылғы жарыстардың ішінде қандай додалар ерекше есте қалды?**

– Биыл Маралқасқа төрт рет бәйгеге шығып, соның үшеуінде бірінші орын алды. Ақсуатта өткен «ASSUL TULPAR - 2026» аламан бәйгесінде автокөлік иелендік. Қазақстан чемпионатының OLIMPBET V іріктеу кезеңінде де бірінші орын алып, 5 миллион теңгелік жүлдеге қол жеткіздік. Алматы облысының Кеген ауданында өткен респуб-

– Абай аға, мен үйге кіргенде жаныңыздағылар маған менсінбей, паңдана қарады ғой. Содан соң оларды сыртқа шығару үшін әдейі оңаша сөйлесейік дедім.

– О, Қиясжан, Қиясжан, сөзден жол тауып кеттің (риза болып, күліп)! Осы тапқырлығың үшін бір қойымды атыңа өңгіреп кетерсің.

– О, Абай ағам-ау, Абай сияқты мырза адам бір қойды атыма өңгертіп қоя ма екен? Көп малдың ішінен алдыма салып, айдатып та жібермей ме?

– О, Қиясжан, міне, таптың! Тауып айттың! «Сөз тапқанға қолқа жоқ» деген осы. Сен енді бір қойды өңгермей, қордан он қойды алдыңа салып айдап кет!

– Рақмет, Абай аға! Туған жерге, елге деген құрметіңізе, мәрттігіңізе ризамыз. Сіздей осы даналық бізге де жұмысты болсын!

Міне, хакім Абай атамның тіп шешендігіне деген құрметі, адам баласына деген қайырымы, даналығы мен даралығы осынау бір ісінен-ақ айқын көрініп тұр емес пе?!

Ұлы ақынның даналығы мен даралығын өскелең ұрпаққа таныту мақсатында талуда Беген орта мектебінде дәріс сабағын өткіздік. Шараға аналар кеңесінің мүшелері мен мектеп оқушылары өте жоғары белсенділікпен қатысып, Абай іліміне деген ерекше ықыластарын білдірді.

Ұлыларды ұлықтау – бүгінгі және болашақ ұрпақтың қасиетті міндеті. Осы тапқадағы игі бастамалар жаңа белестерге жол ашып, еліміздің тірегі болар жастардың болашағы әрдайым асқақтай берсін.

С.ӘБДІРАХМАНҚЫЗЫ, Аналар және зейнеткер ұстаздар кеңесінің төрайымы, Бесқарағай ауданы

ликалық бәйгеге де қатысып, сегізінші болып келді. Былтырдың өзінде Маралқасқа жеті рет жеңімпаз атанды. Әр бәйгенің өз орны бар. Жарыс сайын тәжірибе жинап, атты мүмкіндігін де, дайындығымыздың деңгейін де бағамдаймыз.

– **Бәйгеде шабандоздың да орны ерекше. Маралқасқаның тізгінін кімдер ұстап жүр? Ал алдағы жоспар қандай?**

– Шабандоз - өзіміздің балалар. Бәйгелерге менің және ағам Дидардың ұлдары — Ақжүрек пен Ақжол шабады. Ат пен шабандоз бір-бірін сезінуі керек. Балалар да жылқының қасында жүріп, атқа деген қызығушылықтарын арттырып келеді. Алдағы уақытта да бәйгелерден қалмаймыз. Қазір күзгі ат жарыстарын күтіп отырмыз. Маралқасқамен де, басқа аттарымызбен де әлі талай бәйгеге қатысып, жүлделі орындарға иілігуді мақсат етіп отырмыз. Бастысы — атты бабында ұстау, жүйріктерімізді дайындау.

Ат спортының тамыры қазақтың тұрмыс-тіршілігімен біте қайнасақ. Бүгінде бәйге ұлттық спорттың бір түрі ретінде ғана емес, ұрпақ сабақтастығын жалғайтын дәстүрдің бірі ретінде де маңызын жоғалтқан жоқ. Слямвотар әулетінің ат баптауы да осының бір көрінісі. Бір жағында — әкеден үйренген тәжірибе, екінші жағында — сол дәстүрді жалғастырып келе жатқан кейінгі буын. Жүйріктің бағы мен бапкердің еңбегі қатар сыналатын сол жарыстарда Слямвотар әулеті биіктен көрінуге ниетті.

- **Алдағы жарыстарда сәйгүлікке сәттілік тілейміз!**

Сұхбаттасқан Г.МҰХАМЕДНҰРҚЫЗЫ, Көкпекті ауданы



RIZA BOL

• ОРАМАЛДАРЫ •

ЖАҢА
ТОПТАМАЛАРЫҢ
УСЫНАДЫ!

Абай жырлаған ТЫЛСЫМ ТҮН – RIZA BOL ОРАМАЛДАРЫНДА

«Желсіз түнде жарық ай...»

Ұлы Абайдың мәңгілік жарық арқау болған айлы түннің тылсым сұлулығы, тұнық көлдің тыныштығы мен табиғаттың әсемдігі жаңа топтамда көркем өрнекке айналды.

RIZA BOL – Абай әлемінен шабыт алған эксклюзивті орамалдар топтамасын ұсынады.

-  Ұлттық рух пен заманауи таламның үйлесімі.
-  Әр орамал фирмалық сыйлық қорабы және сыйлық сөмкесімен бірге ұсынылады.



СЫЙЛЫҚ ҚОРАП
және СЫЙЛЫҚ СӨМКЕСІ
ТЕГІН!





«Абай снінен сарықта»
фирмалық түскені
Міркәсіян Дулаттың көңелі, 143



«Семей тәңірі» гүлетің
фирмалық бүтінгі
Абай облысы, Семей қаласы,
Қайым Мұхамедханов көңелі, 12

САТЫП АЛУ ОРЫНДАРЫ:

БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНДАРЫ:



8 777 276 90 74



8 778 929 14 53



8 705 465 22 75



**RIZA
BOL!**

Жүрекке жақын,
сыйлыққа лайық.

* Қолыңнан келгеннің бәрін
те, қалғанын тағдырыңа қал-
дыр.

**ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің
Абай облысы бойынша департаменті**

www.semeytany.kz Email: info@semeytany.kz

Редакцияның мекенжайы: F18A5H3, Семей қаласы, Қайым Мұхамедханов көшесі, 12.
Тел.: Директордың қабылдау бөлмесі - 52-36-57; бас редактор - 52-04-75;
Ақпараттық орынбасары - 52-09-84; жарнама және баспасөзге жазылу бөлімі - 56-08-03;
факс - 52-04-75; бухгалтерия - 52-38-32

Кезекші редактор Ай-Керім СӘРСЕНҚАЛИҚЫЗЫ